

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

AJ1003

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
	Қауіпсіздік	2
	Ескерту	3
2	Сіздің радиосағатыңыз	4
	Кіріспе	4
	Қораптың құрамы	4
	Негізгі құрылғыны шолу	5
3	Жұмысты бастау	7
	Батареяны белсендіру	7
	Қуатты қосу	7
	Уақыт пен күнді орнату	8
4	Радио тыңдау	9
	Радио станцияға реттеу	9
	Дыбыс деңгейін реттеу	9
	Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	9
	Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	9
	Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	9
5	Оятар таймерін орнату	10
	Дабыл уақытын қою	10
	Оятқыш таймерін қосу/өшіру	10
	Оятқыш параметрлерін қарап шығу	10
	Оятқышты қайталау	10
	Дабыл шырылын тоқтату	10
6	Басқа мүмкіндіктер	11
	Ұйқы таймерін орнату	11
	Дисплей жарықтығын реттеу	11
	Сыртқы құрылғыны тыңдау	11
7	Өнім туралы ақпарат	12
	Ерекшеліктер	12
8	Ақаулықтарды жою	13

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

- ① Осы нұсқауларды оқыңыз.
- ② Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- ③ Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- ④ Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- ⑤ Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- ⑥ Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- ⑦ Желдету саңылауларын бітеменіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- ⑧ Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- ⑨ Қуат сымының әсіресе штепсельдік ұштарын, электр розеткаларын және олардың құрылғыдан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- ⑩ Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- ⑪ Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- ⑫ Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа

жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.

- ⑬ Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
 - Батареяны дұрыс салыңыз.
 - Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяны шығарып қойыңыз.
- ⑭ Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- ⑮ Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- ⑯ Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.
- ⑰ Тиынға ұқсас батареяны жұтып қою қаупі бар!
 - Құралда жұтуға болатын тиынға/түймеге ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелердің күйіп қалу қаупі бар.
 - Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігерге қаралыңыз.
 - Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.

- Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді қолданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге қойып, өндірушіге хабарласыңыз.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаныңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы).

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/EC нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

2 Сіздің радиосағатыңыз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Бұл сағат радиомен:


- FM радиосын тыңдауға
- уақытты білуге
- шырылға немесе таңдаулы радио үнімен оянуға
- әр түрлі уақытта екі дабыл орнатуға болады.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі құрылғы (кірістірілген батареясымен) x 1
- АТ қуат адаптері x 1
- Пайдаланушы нұсқаулығы x 1
- Жылдам бастау нұсқаулығы x 1
- MP3 байланыс кабелі x 1

Негізгі құрылғыны шолу



- ① **+ TUNING -**
- Радиостансаны реттеу.
- ② **REPEAT ALARM/BRIGHTNESS CONTROL**
- Оятқышты қайталау.
 - Дисплейдің жарықтығын реттеңіз.
- ③ **AL1,AL2**
- Оятқыш таймерін қосу/өшіру.
 - Оятқыш уақытын реттеуді іске қосу.
 - Оятқыш параметрлерін қарап шығу.
- ④ **⊖ / SOURCE**
- Құрылғыны қосу немесе өшіру.
 - FM радио ойнатқышын, MP3 байланыс кірісін және сағат уақытын көрсету арасында ауысу.
- ⑤ **- VOLUME +**
- Радионың дыбыс деңгейін дұрыстаңыз.
- ⑥ **Батарея бөлімі**
- ⑦ **FM ANT**
- Тіркелген FM радио антеннасы.
- ⑧ **DC 5V**
- Қуат көзінің розеткасы.
- ⑨ **MP3 LINK**
- Сыртқы дыбыс құрылғысына арналған дыбыстық кіріс ұясы (3,5 мм).
- ⑩ **SLEEP**
- Ұйқы таймерін орнатыңыз.
- ⑪ **SET TIME/PROG**
- Сағат уақытын реттеуді іске қосу.
 - Радио станцияларды бағдарламалау.
- ⑫ **PRESET +/PRESET -**
- Күнді, сағат уақытын және оятқыш уақытын реттеу.
 - Уақыт пішімін таңдау.
 - Бағдарламаланған радио стансаны таңдау.
- ⑬ **DATE**
- Алдын ала орнатылған уақытты, айды, күнді және жылды көрсету.
- ⑭ **Дисплейлі панель**

3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Егер тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарлассаңыз, сізден құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмір — өнімнің астыңғы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Батареяны белсендіру




Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Өнімді бұзып алу қаупі! Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяны шығарып алыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

Батареяны іске қосу үшін қорғаныш құлақшаны алыңыз.

Батареяны ауыстыру үшін:



- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 Бір литий CR2025 батареясын көрсетілгендей полюстерін дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.


Қуатты қосу



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток адаптерін ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток адаптерін жалғарда, басқаларының барлығын жалғағаныңызға көз жеткізіңіз.

- 1 Қуат адаптерін мынаған жалғаңыз
 - негізгі құрылғының артқы жағындағы **DC IN (DC 5V)** ұясы және
 - қуат розеткасы.



Алдын ала орнатылған күнді қарау

- 1 **DATE** түймешігін қайта-қайта басыңыз.
 - ↳ Сағат уақыты, айы, күні және жылы ретімен көрсетіледі.

Уақыт пен күнді орнату

- 1 Сағат режимінде **SET TIME/PROG** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
- 2 **PRESET +/PRESET -** түймесін басыңыз.
 - ↳ 12 сағаттық немесе 24 сағаттық пішім таңдалады.
- 3 Растау үшін, **SET TIME/PROG** түймесін басыңыз.
 - ↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағатты орнату үшін 2-ші және 3-ші қадамдарды қайталаңыз.
- 5 Минутты орнату үшін 2-ші және 3-ші қадамдарды қайталаңыз.
- 6 Жылды орнату үшін 2-ші және 3-ші қадамдарды қайталаңыз.
- 7 Айды орнату үшін 2-ші және 3-ші қадамдарды қайталаңыз.
- 8 Күнді орнату үшін 2-ші және 3-ші қадамдарды қайталаңыз.

4 Радио тыңдау

Радио станцияға реттеу

- 1 Радионы қосу үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
↳ **FM** және ағымдағы радио жиілігі көрсетіледі.
- 2 Радио стансаны реттеу үшін **+/-** (қосулы **+ TUNING -**) түймесін қайталап басыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 **+/-** (қосулы **- VOLUME +**) түймесін қайталап басыңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 20 алдын ала орнатылған радио станцияны бағдарламаға енгізуге болады.

- 1 Радионы қосу үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 2 **SET TIME/PROG** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.
↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 20 алдын ала орнатылған радио станцияны бағдарламаға енгізуге болады.

- 1 Радионы қосу үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 2 Радио стансаны реттеу үшін **+/-** (қосулы **+ TUNING -**) түймесін қайталап басыңыз.
- 3 **SET TIME/PROG** түймесін басыңыз.
↳ Сан жыпылықтай бастайды.
- 4 Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін **PRESET +/-PRESET -** түймесін қайталап басыңыз.
- 5 Растау үшін, **SET TIME/PROG** түймесін басыңыз.
- 6 Басқа стансаларды бағдарламалау үшін жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.



Кеңес

- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін оның орнына басқа станцияны бағдарламалаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

- 1 Радионы қосу үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 2 Радио стансаны **PRESET +/-PRESET -** таңдау үшін басыңыз.

5 Оятар таймерін орнату

Дабыл уақытын қою

Екі оятқышты орнатуға болады.



Ескертпе

- Іске қоспастан бұрын сағат уақытының дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 **AL1** (немесе **AL2**) түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
- 2 **PRESET +/PRESET -** түймесін басыңыз.
↳ Ескерту сигналы таңдалады.
 - **FM**: сақтаулы радио станса.
 - **88.22** : шырыл.
- 3 Растау үшін **AL1/ AL2** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағатты орнату үшін 2-ші және 3-ші қадамдарды қайталаңыз.
- 5 Минутты орнату үшін 2-ші және 3-ші қадамдарды қайталаңыз.
- 6 Ескерту сигналының дыбыс деңгейін орнату үшін 2-ші және 3-ші қадамдарды (ең көбі 32) қайталаңыз.

Оятқыш таймерін қосу/ өшіру



Ескертпе

- Оятқышты сәтті орнатқаныңызды тексеріңіз.

- 1 **AL1** немесе **AL2** түймесін екі рет басыңыз.
↳ Оятқыш таймері қосылған болса, **A** немесе **A** пайда болады.
↳ Оятқыш таймері өшірілген болса, **A** немесе **A** өшіп қалады.

Оятқыш параметрлерін қарап шығу

- 1 **AL1/AL2** түймесін басыңыз.

Оятқышты қайталау

- 1 Оятқыш дыбысы шыққанда **REPEAT ALARM/BRIGHTNESS CONTROL** түймесін басыңыз.
↳ Дабыл 9 минуттан кейін қайталап шырылдайды.

Дабыл шырылын тоқтату

- 1 Дабыл шырылдағанда, сәйкесінше **AL1** немесе **AL2** түймесін басыңыз.
↳ Оятқыш тоқтайды, бірақ оятқыш параметрлері қалады.

6 Басқа мүмкіндіктер

Ұйқы таймерін орнату

Белгілі бір уақыттан кейін радионы автоматты түрде өшетін етіп орнатуға болады.

- 1 Алдын ала орнатылған уақыт мерзімін таңдау үшін **SLEEP** түймесін қайталап басыңыз.
 - ↳ zZ шығады.
 - ↳ Дауысы соңғы 5 минут ішінде біртіндеп азаяды.

Ұйқы таймерін өшіру үшін:

- 1 **OFF** (ажырату) пайда болғанша **SLEEP** түймесін қайталап басыңыз.
 - ↳ zZ кетеді.

Дисплей жарықтығын реттеу

- 1 **REPEAT ALARM/BRIGHTNESS CONTROL** түймешігін қайта-қайта басыңыз.

Сыртқы құрылғыны тыңдау

Сыртқы құрылғыдан дыбысты ойнату үшін осы құрылғыны қолдануға болады.

- 1 MP3 байланыс кабелін келесіге жалғаңыз:
 - құрылғының артындағы **MP3 LINK** ұясы және
 - сыртқы құрылғының дыбыс шығысы ұясы (әдетте құлаққап ұясы).

- 2 **MP3 LINK** ұясынан дыбыс кірісін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
 - ↳  және  көрсетіледі.
- 3 Дыбыс деңгейін реттеу үшін **+/-** (қосулы **-VOLUME +**) түймесін қайталап басыңыз.

7 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Тюнер (FM)

Реттеу ауқымы	87,5 - 108 МГц
Сезімталдық - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	<22 дБф
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	> 28 дБф
Гармоникалық мазмұн	< 3%
Сигнал-шу арақатынасы	>50 дБ

Жалпы ақпарат

АТ қуаты	Үлгісі: TPA107-50050-EU (F) (Philips) Кіріс: 100-240 В ~, 50/60 Гц, 0,5 А шығыс: 5,0 В === 1,0 А
----------	--

Жұмыс үшін қуат тұтынуы	4,0 Вт
----------------------------	--------

Мөлшері - Негізгі құрылғы (Е x Б x К)	185 x 52 x 85 мм
---	------------------

Салмағы - Қорабымен - Негізгі құрылғы	0,49 кг 0,36 кг
---	--------------------

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласқан кезде өнімнің қасыңызда екенін, үлгі және сериялық нөмірі қол жетімді екенін тексеріңіз.

Қуат жоқ

- Қуат сымы дұрыстап қосылғанына көз жеткізіңіз.
- АТ розеткасында қуат барына көз жеткізіңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- Антеннаны толығымен ұзартыңыз.
- Оның орнына сыртқы антеннаны жалғаңыз.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрі өшірілген

- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қуат үзілген немесе қуат ашасы ажыратылған.
- Сағатты/таймерді ысырыңыз.



2014 ©WOOX Innovations Limited.

All rights reserved.

Philips and the Philips' Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used by WOOX Innovations Limited under license from Koninklijke Philips N.V.

AJ1003_12_UM_V5.0

